

КАЗАХСТАН ПОДДЕРЖИВАЕТ ВСЕ ИНИЦИАТИВЫ ПО РАЗВИТИЮ ТРАНЗИТНО-ТРАНСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА РЕГИОНА ПРИ СОБЛЮДЕНИИ БАЛАНСА ИНТЕРЕСА ЗАИНТЕРЕСОВАННЫХ СТОРОН. В ЦЕЛОМ ДЛЯ НАРАЩИВАНИЯ ПОТЕНЦИАЛА ТМТМ ПРЕДЛАГАЕМ ВМЕСТЕ С ДРУГИМИ УЧАСТНИКАМИ МАРШРУТА РАЗРАБОТАТЬ ДОРОЖНУЮ КАРТУ ПО СИНХРОННОМУ УСТРАНЕНИЮ «УЗКИХ» МЕСТ И РАЗВИТИЮ ЕГО ПОТЕНЦИАЛА НА 2022-2025 ГОДЫ.

Алихан СМАИЛОВ,
Премьер-министр Казахстана



№61-62 (2776-2777)
09/08/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ТРАНЗИТ: КОНТЕЙНЕРЛІК ПОЙЫЗ ӨТТІ

Маңғыстаулық теміржолшылар үшін биылғы кәсіби мереке ерекше оқиғамен есте қалатын болды. Түбек темір жолының Болашақ станциясы арқылы алғаш рет Үндістаннан шыққан транзиттік контейнерлік пойыз өтті.

 **Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Үндістан-Иран-Түркіменстан-Қазақстан-Ресей бағытымен жылжыған аталған контейнерлік пойыз Қазақстан темір жолына 6 тамыз күні қабылданып, Болашақтан әрі қарай жөнелтілді.

Төл мерекеде осындай маршруттың «тұсауын кескен» болашақтық теміржолшылар транзиттік пойызды барлық техникалық талапқа сай күтіп алып, қажетті сервистік қызметті көрсетіп, жолға салды.

– Үндістан-Иран-Түркіменстан-Қазақстан-Ресей бағытында өткен контейнерлік пойызда

әртүрлі жүктер тиелген 43 контейнер болды. Пойыздың салмағы 1626 тонна, ұзындығы 57 метр, ал тиелген жүктердің жалпы салмағы 865 тонна. Үндістаннан Иранға Парсы шығанағы арқылы су жолымен келген жүк Серахс станциясынан Түркіменстанға, одан бізге жеткен. Шекаралық Болашақ станциясына 6 тамыз күні күндізгі сағат 12.33-те келді. Станцияда құрамның құжаты толық қаралып, өңделіп, вагондарға техникалық қызмет көрсетілді. Кеден, СЭС, ветеринарлық, т.б. қажетті тексерістерден өткізілген соң Ресейдің Колужская облысына жол тартты, – дейді бұл жөнінде ақпарат берген Болашақ станциясының бастығы Мақсат Нұрбеков.

Еліміз арқылы Үндістаннан Ресейге тасымалданған бұл контейнерлік жүктің құрамында азық-түлік өнімдерінен кептірілген пияз, куркума ұнтағы және басқа да түрлі заттар, атап айтқанда, керамикалық талшықтан жасалған бұрыштық модуль, ширатылған талшықтар, кастор майы, мырыш кальцийі, тот баспайтын болаттан жасалған сым, компоненттер мен техника бөлшектері, сусыз ланолин, полипропилен пленкасы, медицинаға арналған шикізаттар бар екен. Жаңа бағдармен тұңғыш рет жүріп өткен контейнерлік пойыздың жалғасы бола ма, жоқ па, белгісіз. Ал алғашқы құрам еш кедергісіз аттанды.

Суретті түсірген автор

ЛОГИСТИКА ИЗ КИТАЙ



По данным агентства Синьхуа, из Шанхая (Китай) в Алматы отправился грузовой поезд в рамках железнодорожных грузоперевозок Китай – Европа. В первом полугодии текущего года через Шанхайскую таможенно прошли в общей сложности 12 грузовых поездов сообщением Китай – Европа, которые перевезли 1 166 стандартных контейнеров грузов общим весом более 7 234 тонн на сумму 293 млн юаней (около 43,5 млн долл. США). Напомним, в первой половине текущего года из-за пандемии движение грузовых поездов сообщением Китай – Европа как из Шанхая, так и в Шанхай было временно приостановлено. В мае благодаря высокому спросу предпринимательской внешней торговли курсирование поездов было возобновлено.

В сентябре 2021 года из Шанхая отправился первый грузовой поезд в рамках железнодорожных грузоперевозок Китай – Европа. В настоящее время через Шанхай проходит девять железнодорожных маршрутов, которые соединяют китайский мегаполис с 13 городами в пяти странах, расположенных вдоль Великого Шелкового пути.

К настоящему времени между Шанхаем и Европой/Центральной Азией курсирует в общей сложности 35 грузовых поездов, которые перевезли 3 438 стандартных контейнеров с товарами общим весом 23 600 тонн.

Алуа ТЛЕУБАЕВА



Бекболат НАРЕГЕЕВ,
Құрметті теміржолшы,
«Құрмет» орденінің иегері:

АҚСУ – ДЕГЕЛЕЦЕН
БАСТАП, ШАР – ӨСКЕМЕН,
ХРОМТАУ – АЛТЫНСА-
РИН, БЕРІДЕ САЛЫНҒАН
ЖЕЗҚАЗҒАН – БЕЙНЕУ,
АРҚАЛЫҚ – ШҮБАР-
КӨЛ ЖАҢА ТЕМІР ЖОЛ
ЖЕЛІЛЕРІНІҢ МЕМЛЕ-
КЕТ ҮШІН, ХАЛЫҚ ҮШІН
МАҢЫЗЫ ЗОР БОЛДЫ.
СОНҢЫ АРҚАСЫНДА РЕ-
СЕЙДІ АЙНАЛЫП ӨТУДЕН
ҚҰТЫЛЫП, ТҮРКІМЕН-
СТАНҒА, ИРАНҒА ТІКЕ
ШЫҒАТЫН МҮМКІНДІК
АЛДЫҚ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЖАЗҒЫ ЖҰМЫСТАР
ШЕҢБЕРІНДЕ АҚМОЛА ЖТ
БӨЛІМШЕСІНДЕ

30 км

ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ
ЖҮРГІЗІЛДІ

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ БОЙЫНША
ЖАЛПЫ ВАГОНДАР
ПАРКИ АРАСЫНДА
«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ
ПАРКІНІҢ ҮЛЕСІ

40

ПАЙЫЗҒА ЖЕТТІ

БИЫЛ ҚАҢТАР-ШІЛДЕ
АРАЛЫҒЫНДА ЭКСПОРТҚА

49,7 млн тонна

ЖҮК ЖӨНЕЛТІЛДІ

Сотрудничество НАРАСТИТЬ ПОСТАВКИ

Премьер-министр РК Алихан Смайлов провел встречу с генеральным секретарем Совета сотрудничества арабских государств Персидского залива (ССАГПЗ) Найефом Фалахом Мубарак Аль-Хаджафом, прибывшим в Казахстан с официальным визитом. Стороны обсудили вопросы сотрудничества в торгово-экономической, инвестиционной, транспортно-логистической сферах, энергетике и агропромышленном секторе.

 **Асель ШАЙХЫНОВА,**
Нур-Султан

Премьер-министр подчеркнул, что Казахстан заинтересован в дальнейшем укреплении стратегического партнерства со странами организации.

– Мы обладаем большим потенциалом развития торгового и инвестиционного сотрудничества. Казахстан готов и дальше обеспечивать благоприятный деловой климат для всех инвесторов. Поэтому, пользуясь случаем, хочу пригласить деловые круги стран совета к реализации совместных проектов, – сказал Алихан Смайлов.

Глава Правительства отметил, что Казахстан готов нарастить поставки высококачественной муки, масличных и других сельскохозяйственных культур в страны Персидского залива, а также укреплять



взаимодействие в сфере транзита, в том числе за счет развития Транскаспийского международного транспортного маршрута.

При этом Алихан Смайлов добавил, что для дальнейшего развития межгосударственных связей необходимо проработать вопрос расширения географии полетов, включая открытие прямых рейсов из

Казахстана в Оман и Бахрейн.

В свою очередь Найеф Фалах Мубарак Аль-Хаджаф отметил, что недавний визит Президента РК Касым-Жомарта Токаева в Саудовскую Аравию внес большой вклад в укрепление отношений с арабскими странами.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ТРАНСПОРТНАЯ НЕДЕЛЯ КАЗАХСТАНА

СТК «KAZLOGISTICS» при поддержке Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК и АО «НК «ҚТЖ» организует проведение транспортной недели Казахстана в период с 20 по 22 сентября в городе Алматы.

 **Жаныбек КЕНЕС,**
Нур-Султан

Мероприятие обещает быть насыщенным. Так, 20 сентября состоится V юбилейный Международный транспортно-логистический

бизнес-форум New Silk Way; 20-22 сентября – Международная выставка TRANSLOGISTICA KAZAKHSTAN 2022; 21 сентября – международная конференция «Рынок транспорта и логистики». В транспортной неделе Казахстана примут участие руководители отраслевых министерств зарубежных государств, представители бизнес-сообщества, а также крупнейшие представители транспортно-логистического рынка ближнего и дальнего зарубежья.

ПРИНИМАЮТ ПОЗДРАВЛЕНИЯ

В Министерстве индустрии и инфраструктурного развития РК накануне Дня работников транспорта и в честь 25-летия образования национального оператора железнодорожной сети АО «НК «Қазақстан темір жолы» прошла церемония награждения специалистов, внесших заметный вклад в развитие транспортной отрасли.

 **Ажар АСКАРКЫЗЫ,**
Нур-Султан

Как известно, День работников транспорта отмечается в первое воскресенье августа. Он имеет официальный статус и входит в перечень

профессиональных праздников Республики Казахстан, утвержденных Указом Президента.

Глава МИИР РК Каирбек Ускенбаев на встрече с работниками отрасли поздравил в их лице всех специалистов республики с профессиональным праздником.

– В сфере транспорта трудится более 400 тысяч человек. Своим старательным трудом они не только обеспечивают свои семьи, но и вносят вклад в поступательное развитие транспортной инфраструктуры, обеспечивают надежное пассажирское и грузовое

связи Казахстана с зарубежными странами. Многие из них достойны наград и поощрений, значительно больше людей, чем на этой встрече, – сказал он.

Также министр подчеркнул, что Казахстан входит в число стран с наибольшей протяженностью железной дороги. Он сравнил 21 тысячу километров путей с артериями, которые обеспечивают жизнедеятельность всей страны.

– Особое географическое расположение Казахстана вызывает необходимость к решению вопросов, связанных с развитием и модернизацией транспортной сети и логистики, – добавил руководитель ведомства.

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА ҰСЫНЫЛДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан



Ұлттық компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызмет туралы есептің жария тыңдаулары өтті. Жыл сайын өтетін дәстүрлі шараға мемлекеттік органдар өкілдері және қызметті тұтынушылар қатысты.

COVID-19 карантиндік шараларының қолданыста болуына байланысты көпшілік тыңдау конференц-байланыс режимінде, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Қ.Әлмеғамбетовтің төрағалық етуімен өткен жиында Компанияның 2022 жылғы 1 жартыжылдықта табиғи монополиялар саласындағы қызметтерді ұсынуы бойынша қызметі және ағымдағы жылдың 2 жартыжылдығына арналған негізгі міндеттері туралы есебі тыңдалды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының экономика жөніндегі атқарушы директоры Ерлан Қизатов өз сөзінде Компания қызмет тиімділігін арттыру үшін тұтынушыларымен қарым-қатынаста ашық саясат жүргізетінін атап көрсетті. Ол магистральдық темір жол желісі қызметтерін көрсету саласындағы жұмыс көрсеткіштері, көрсетілген қызметтер көлемі мен сапасын орындау, инвестициялық бағдарламаларды іске асыру, негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізу және қызметті дамыту перспективалары туралы хабардар етті. Сондай-ақ, тарифтік сметаның тармақтар бойынша орындалуы және қызмет тұтынушыларымен жүргізілетін жұмыс туралы мәлімет берді.

Мәселен, реттелетін қызметтердегі жүк айналымы (экспорт, импорт, ішкі қатынас) 100 092 млн т-км құраса, магистральдық темір жол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінен түскен кірісі 179,3 млрд теңгені құраған. Уақытша теңгерімді төлем 4,9 млрд теңге екен. Ал 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында реттелетін қызметтер бойынша инвестициялардың жалпы көлемі 42,1 млрд теңгеге жеткен. Сондай-ақ кірме жолдарды ұсыну, электр энергиясын беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер туралы есеп те көпшілік назарына ұсынылды. Негіздемелері бар толық есеп www.railways.kz сайтының «Инфрақұрылым» бөлімінде орналастырылған.

60 МЫҢ АДАМДЫ ҚАМТЫМАҚ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



«Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» арнайы мамандандырылған медициналық пойыздары сапарға шыққан екі айдан астам уақыт ішінде 20 мыңнан астам адамды қабылдап үлгерген.

«Жәрдем» мамандандырылған медициналық пойызы шамамен 16 000 адамды қабылдап, қызмет көрсеткен. Оның ішінде 6 мыңға жуығы – бала. Дәл қазір пойыз Батыс Қазақстан облысының шалғай станцияларын аралап жүр. Ал «Саламатты Қазақстан» пойызы шамамен 4500 адам қабылдаған. Оның ішінде 600-ге жуығы – бала. Бүгінде Павлодар облысында қызметін жалғастырып жатыр.

Облыстың 9 станциясына аялдаған консультациялық-диагностикалық пойыз дәрігерлері 857 тұрғынды, оның ішінде 104 баланы тексеруден өткізіп, қажетті қызмет көрсеткен.

Консультативтік-диагностикалық пойыздың дәрігері Сәкен Көкеновтің айтуынша, облыстың шалғай ауылдарының тұрғындары арасында жиі кездесетін аурулар: аралас астигматизм, артрит, артроз, жүректің ишемиялық ауруы, созылмалы бронхит, артериялық гипертензия. Сондай-ақ, жобаға екінші рет қатысып отырған дәрігер шалғай ауылдардың тұрғындарына мамандар берген кеңестерді ұстануға, тағайындалған препараттарды қабылдауға кеңес беретінін атап өтті.

«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы 2022 жылдың соңына дейін еліміздің 67 шалғай станциясына барады деп күтілуде. Пойыз бағыты Қазақстанның 10 облысын қамтиды. Ал «Жәрдем» медициналық пойызы Батыс Қазақстан облысында 9 тамызға дейін болады. Қос пойыз быылғы маусымда жалпы саны 60 000 адамды қамтып, медициналық қызмет көрсетеді деп күтілуде.

ҚАШАҒАНҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ



КӘСІБІ-НӘСІБІ

Қарабатан станциясы бұрын бес-ақ адам жұмыс жасаған шағын ғана разъезд болатын. Сол маңда «Болашақ» зауыты ашылып, станцияның бағы ашылды. Яғни Қашаған кен орнынан келген мұнайды өңдейтін зауыттың салынуына байланысты станция ауқымы кеңейіп, жұмыс күрт артты.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Станция ғимараты жаңадан салынып, жұмыс орындары ашылып, бүгінде 40 шақты теміржолшы еңбек ететін станцияда қызметкерлерге жұмыс жасауға қолайлы жағдай жасалған. Оның ішінде станция кезекшілері, пойыз құрастырушылар, жүк кассирлері, тасымалдау құжаттарын өңдеу операторлары, жүк-багаж қабылдаушы және т.б. мамандар бар.

Қазіргі уақытта 11 жол торабы бар және 2 зауыттың әрқайсысына кірме жол тартылған станция толық жарақтандырылған, СОБ, КТСМ құрылғылары ақаусыз жұмыс жасауда. Жолдар жарық шамдармен, ал белгі берушілер, пойыз құрастырушылар сөйлесу құралдарымен қамтылған.

Гүлжамал Таженова ширек ғасырға жуық уақыт осы Қарабатан станциясында станция кезекшісі болып жұмыс жасайды. 1964 жылы осы ауылда теміржолшы отбасында дүниеге келген Гүлжамал мектеп бітірген соң Гурьев темір жол техникумына

түседі. Бітірген соң еңбек жолын Атырау жол дистанциясында жол технигі болып бастайды. Жолшылардың жұмысы ол кезде күні-түні жалғаса беретін. Гүлжамал да уақытпен санаспай жұмыс жасауға үйренеді. Әкесі Еділбай жол монтері болып, анасы Қанжан бағыттама бұрмашы болып зейнетке шыққанға дейін қызмет еткен үлкен ұжымда еңбек ету қиын да қызықты болды, жұмысшылардың еңбек сағаттарын жазады, үнемі бірге жүреді. Өндірістен қол үзбей Атырау политехникалық институтын сырттай оқып бітіреді. 1989 жылы Қарабатан станциясына кезекші болып ауысып, міне содан бері табан аудармай еңбек етіп келеді.

– Зауыт құрылысы басталған сәттен бастап біздің Қарабатан станциясының жұмысы қайнап сала берді. Зауыт құрылысына 20 мыңнан астам адам қатысты, 56 000 тонна металл құрастырмалар, шикі және тауарлы мұнайды, сондай-ақ газды



сақтайтын резервуарлардың 7 700 тонна құрыш құрастырмалары монтаждальды. Бұдан басқа әкімшілік ғимарат, жатақхана, асхана, т.б. көптеген нысандар салынды. Соған қажетті материалдың бәрі әрине пойызбен тасымалданып, станцияға толассыз жеткізіліп жатты. Зауыт толық қуатымен жұмысын бастаған 2017 жылдың қазан айынан бастап станция арқылы алыс шет елдерге вагондар арқылы күкірт тасымалдана бастады. Күні бүгінге дейін Кавказ, Ресей теміржолдары арқылы жөнелтілуде. Қазіргі уақытта күніне 60 вагон күкірт тиеліп-жөнелтіледі, – дейді осындай жұмысы қауырт та күрделі станция кезекшісі Гүлжамал Еділбайқызы.

Күні кеше Көлік қызметкерлері мерекесіне орай елордада өткен салтанатты шарада Қарабатанның тәжірибелі станция кезекшісі Гүлжамал Таженова «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталды.

Суретті түсірген автор

БЕЙНЕУДЕН ТАССАЙҒА ДЕЙІН...



ЖОБА

Теміржол тарихындағы маңызды жобалардың бірі – мың шақырымға жуық Жезқазған-Сексеуіл-Шалқар-Бейнеу арасына тартылған теміржол желісі. Алысты жақындатып, еліміздің батысын Қазақстанның Орталық өңірімен жалғаған жоба мемлекетіміздің тасымал тынысын арттырып, экономиканың күретамырына қан жүгіртті.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Бейнеу-Жезқазған теміржол желісінің 261 шақырымы, яғни Бейнеу-Тассай учаскесі Маңғыстау теміржолына тиесілі. Желі бойында бесінші класты 3 станция, 8 разъезд ашылды. Олар – Сам, Тұрыш, Құрсай станциялары, Алтай, Теректі, Ноғайды, Сарша, Жарқұм, Тоқсанбай, Сәнкібай, Сағыр разъездері. Бұл телімнің іске қосылуы өңір халқының тұрмыс-тіршілігіне айрықша әсер етті. Жүздеген жаңа жұмыс орындары құрылып, жол бойындағы халықтың шаруасы жанданды.

Жаңа желімен бірге бой көтеріп, бүгінде осы бағытта өтіп жатқан толассыз жүк ағынына қажет көрсетіп отырған станцияның бірі Самда бүгінде отызға жуық теміржолшы еңбек етуде, көпшілігі – жергілікті тұрғындар. Жан-жақтағы станциядан қатынап жұмыс істейтіндер де бар. Станцияда алты адам, вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктінде екі адам, жол шаруашылығында он, белгі беру және байланыс саласында жеті адам жұмыс істейді. Ауылда



теміржолшылар үшін салынған екі пәтерлі үй бар, онда жол тұрғындары, осы жылдар ішінде жолшылар тұрып жатыр.

– Сам – жеті жүзге жуық тұрғыны бар шағын елді мекенде орналасқан бесінші клас-

ты станция. Теміржолда еңбек ететіндердің көпшілігі – ауыл тұрғындары, осы жылдар ішінде теміржолшы кәсібін оқып үйреніп маманданғандар. Сонымен қатар Бейнеуден қатынап жұмыс жасайтындар да бар. Станциядан

күніне 14 пойыз өтеді. Екеуі жолаушылар пойызы, қалғаны жүк пойыздары. Жолаушы пойызынан Алматы-Маңғыстау бағытындағы №77-78 және №111-112 Тальго пойызы жүреді. Соларға қажетті қызметтерді көрсетіп, күтіп алып, шығарып саламыз. Қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылған жағдайы тіркелген емес, – дейді төрт жылдан бері Сам станциясын басқарып отырған Батырбек Тұржанов. Үстірт станциясынан жұмыс ауыстырған теміржолшының шағын бекеттің жұмысын ұйымдастыруда тәжірибесі үлкен.

Бейнеу-Тассай телімінің қолданысқа берілуі жолаушылар тасымалына да ықпал етіп, Маңғыстау-Алматы бағытындағы жолды анағұрлым қысқартып, тасымалдаушыларды артық шығыннан арылтты. Арқаның астығы мен Қарағандының көмірі, Жезқазғанның мысы, құрылыс материалдары сияқты отандық өнімдерді тасымалдау үдерісіне даңғыл жол ашып, Ақтау арқылы Еуропа, Парсы шығанағы елдеріне шығуға мүмкіндік берген жоба – Қазақстан темір жолының 25 жылдағы тағы бір жетістігі.

Суретті түсірген автор

САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«KTZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KTZ Express» АҚ) «KTZ Express» АҚ мүлкін сауда бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2022 жылғы 23 тамыз, сағ 10.00-де (Нұр-Сұлтан уақыты) Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «KTZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «KTZ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлкті сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны көтеру аукционьна келесі мүлік қойылады:

№	Атауы	тоннаж	саны	бастапқы құны	старттық құны	кепілдік жарна
1.	Мүкәммал паркінен шығарылған аз тонналы контейнер	3	47	2 210 880	2 210 880	331 632
2.	Мүкәммал паркінен шығарылған аз тонналы контейнер	5	1377	166 561 920	166 561 920	24 984 288

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілім веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан

бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны көтеру әдісімен аукцион нысанындағы сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: БСН: 050540004455, БСК: HSBKKZKX,

IBAN/ЖСК: KZ946017111000000330, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлемнің тағайындалуы: электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақыттың түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ЭЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады.

Жарияланған баға бойынша сатылу объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілім веб-порталында сауда қорытындысын шығару күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын

мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлкті сатып алуға және сатуға байланысты бүлік шығындарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, мүлкті тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.


Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуге жатпайды және Сатушы Нысанның кез-келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Ақпараттық-есеп сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Электронды аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысуды ресімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды анықтау шарттары жайлы ережелермен Қағидалардан және Регламенттен танысуға болады, олар «KTZ Express» АҚ-ның www.ktze.kz және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында көпшілік үшін қолжетімділікпен орналастырылған.

Қосымша ақпаратты 87710838734 («KTZ Express» АҚ, Нұр-Сұлтан қ., Дінмұхамед Қонаев, 10) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ, Нұр-Сұлтан қ., А.Жұбанов, 16, 4 қабат) телефондары бойынша алуға болады.

АЛТЫНКОЛЬ – СТАНЦИЯ НАДЕЖДЫ



Отмеченная на карте Казахстана с поэтическим названием, станция Алтынколь с каждым годом набирает обороты. За первое полугодие текущего года здесь выполнены все производственные показатели.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

Все это связано с интенсивным функционированием сухого порта, крупного логистического центра транснационального значения и автомагистрали Западная Европа – Западный Китай. В целях увеличения грузооборота руководством компании проделана огромная работа по привлечению грузоотправителей, в том числе Жаркентского крахмалопаточного завода (кукуруза, крахмал, патока ранее пе-

ревозились автомобильным транспортом). Стоит отметить, что интенсивно проводится работа по увеличению объема местных грузов путем привлечения с автоперехода «Хоргос», организации местной выгрузки каменного угля, минеральных удобрений, полипропилена, строительных материалов. С начала года по широкой колее сдано 1 273 поезда, в среднем в сутки – семь. По узкой колее принято 2 496 поездов, в среднем в сутки – 13. Общий грузооборот составил 9 700 000 тонн (экспорт – 32%, импорт – 58%).

На сегодняшний день одним из основных показателей станции Алтынколь является работа контейнерных поездов, которые позволяют доставить груз в минимальные сроки при обеспечении сохранности грузов и удобства для клиентов тем, что доставка производится по принципу «от двери до двери». С каждым годом контейнерные перевозки занимают лидирующие позиции в системе перевозок. Только с начала года обработано 1 416 контейнерных поездов, в том числе в Европу – 571, Российскую Федерацию – 295, Центральную Азию – 458, по Транскаспийскому международному транспортному маршруту – 82, по Казахстану – 10.

Коллектив добивается увеличения пропускной и перерабатывающей способности станции, работает над улучшением эксплуатационной работы, обеспечением условий безопасности в маневровой работе, сокращением простоя.

По словам заместителя начальника станции по логистике Данияра Нуркасымова, значительно повысилась культура производства.

– Каждый наш сотрудник осознает свою миссию и свои отношения с коллегами выстраивает на сугубо доверительной основе, – говорит он.

Радужные работники станции выражаются еще в том, что они уже который год ведут патронаж Жаркентского детского дома.

Хорошо поставлена на станции организационная работа и досуг работников. Спортивные мероприятия, выезды на природу, проведение викторин, диспутов и деловых игр – такое неформальное общение сближает людей.

Фото автора

ЕСТЬ К ЧЕМУ СТРЕМИТЬСЯ

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан



На заседании Правительства министр индустрии и инфраструктурного развития РК проинформировал об исполнении ключевых задач, в том числе по направлениям «развитие внутренней транспортной связанности» и «повышение связанности территорий».

По словам Каирбека Ускенбаева, в прошлом году снижена доля пассажирских вагонов со сроком эксплуатации свыше 25 лет (до 40,9% при плане 42,7%) и износ технического флота до 68%.

Вместе с тем, по итогам 2021 года не достигнуты некоторые показатели. В частности, из-за введения жестких санитарных ограничений со стороны КНР не был выполнен план по росту объема транзита через территорию Республики Казахстан (23,8 млн тонн при плане в 25,3). Это обстоятельство также отразилось на достижении показателя по увеличению контейнеропотока в Транскаспийском направлении. При плане в 45 тысяч ДФЭ фактическое исполнение составило порядка 41 тысяч ДФЭ.

РЕАЛИИ СЕГОДНЯШНЕГО ДНЯ

Светлана МОГАЙ,
Караганда



На страницах в соцсетях неравнодушные жители Карагандинского региона поднимают актуальные вопросы касательно железнодорожных станций. На этот раз в зону критики попал узел Караганозек.



В своем обращении подписчица публика сети Инстаграм – narodnyi_control_krg сообщила о том, что две недели назад предупредительный знак «Остановка локомотива» сорвало ветром, и он якобы лежит на путях. С ее слов, «никакие действия со стороны работников станции по монтажу знака на сегодняшний день не предпринимаются». Второй вопрос касался задержки электропоезда сообщением Калагир – Темиртау, который по графику должен отправляться со станции в 06.49, а по факту отправляется в 07.05, 07.15 и даже 07.20.

«Были случаи, когда электропоезд задерживался и на два часа, а дежурный по станции не считает нужным объявить об этом. Видимо, это не входит в его должностные обязанности. На утреннем электропоезде люди добираются на работу из отдаленных районов, и если он задерживается хоть на пять минут, то человек уже не успевает на свой автобус, соответственно, опаздывает на работу. Неужели данную ситуацию нельзя урегулировать?» – спрашивает она.

На первый вопрос ответил заместитель начальника станции Караганозек Талгат Иканов:

– Предупредительный знак «Остановка локомотива» работники ПЧ устанавливают в специально отведенном месте и закрепляют его на довольно приличной глубине щебня. Однако местные жители, не исключено, что подростки, неоднократно срывали его и кидали на землю. В последний раз знак был убран ввиду проведения технологического окна по оздоровлению земляного полотна. На сегодняшний день он находится в положенном месте.

Что касается второго вопроса, то его прокомментировал начальник оперативного отдела Карагандинского отделения ГП Жанат Жумашев:

– В июле 2022 года пригородный поезд №6867 сообщением Темиртау – Акадыр отправляется со станции Акадыр с опозданием на 10-50 минут по причине пропуска опаздывающего преимущественного пассажирского поезда №107. Поезда систематически задерживаются в пути следования из-за пропуска преимущественных поездов ввиду технологических окон.

Безусловно, взаимодействие между структурными подразделениями КТЖ и людьми важно. Руководство Карагандинского отделения ГП всегда открыто для горожан и готово ответить на интересующие их вопросы, сообщило руководство вышеназванной железнодорожной структуры.

Фото автора

РАЦИОНАЛИЗАТОРСТВО СТИМУЛИРОВАТЬ ТВОРЧЕСКИЙ ПОДЪЕМ

В филиале АО «НК «КТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» состоялся тренинг на тему «Рационализаторская деятельность в Костанайском железнодорожном регионе».

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщила одна из организаторов тренинга, начальник центра научно-технической информации и анализа филиала АО «НК «КТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» Галина Преображенская, цель данного тренинга – активизация рационализаторской деятельности и развитие технического творчества работников компании и дочерних организаций, а также повышение заинтересованности работников в результатах своего труда путем морального и материального стимулирования их технического творчества.

В ходе семинара присутствующим рассказали о поддержке рационализаторов, создании благоприятных условий для генерации

рабочих проектов, реализации и внедрении наиболее актуальных из них, выявлении и отборе наиболее перспективных проектов. Каждый из проектов, в свою очередь, должен преследовать такие задачи, как оптимизация расходов и сокращение производственных потерь, продуктивная трансформация проектов.

Участникам, а это главные инженеры, начальники технических отделов и инженеры НЖС-2 Костанай, ПЧ-18 Тобол, ПЧ-26 Костанай, ПЧ-27 Кушмурун, ПЧ-22 Аркалык, ПЧ-21 Кушмурун, ПЧ-34 Тобол, ПЧ-35 Костанай, ЭЧ-15 Костанай, ЭЧ-16 Кушмурун, НОД ГП-2 Костанай, ВЧД-19 Костанай, ТЧЭ-19 Костанай, ТЖС Костанай, рассказали, как правильно организовать и провести конкурсы «Уздік рационализатор», смотри, выставки, конференции по



рационализаторской деятельности, тиражирование рабочих проектов на своих предприятиях. А также об информационном обеспечении рационализаторской деятельности, обобщении и распространении опыта работы, подготовке материалов для выпуска информационных листов, оформлении информационных карт проектов.

– Во время тренинга наши участники научились находить ошибки, часто встречающиеся при оформлении рационализаторского предложения, получили знания по внесенным изменениям и дополнениям в рационализаторской деятельности, – говорит


Галина Преображенская.

Участникам было рекомендовано обратить особое внимание на выполнение показателя рационализаторских предложений с экономическим эффектом.

Для активизации работы рационализаторов во всех филиалах должен быть оборудован стенд «Уголок рационализатора» с обновляющейся информацией, нужно привлекать к работе по внедрению технических новшеств молодежь. А главным инженерам предприятий всячески содействовать техническим информаторам в работе с коллективом.

Фото автора

КЛЮЧЕВОЕ ЗВЕНО В СИСТЕМЕ БЕЗОПАСНОСТИ



В Алматинском эксплуатационном локомотивном депо с начала года в Книгу замечаний машинистов поступило 3 433 рапорта против 2 689 этого же периода прошлого года.

Милена КАИРОВА,
Алматы

На сегодняшний день особо опасными являются участки Алматы – Бурундай, Байсерке – Кайрат, Алматы – Сарыозек и перегон Алматы-1 – Алматы-2, где часто происходят

наезды. Локомотивными бригадами с начала года применено 291 экстренное торможение против 262 аналогичного периода 2021 года. В том числе на людей – 90 против 96 случаев в 2021 году, из них с наездом – шесть против трех случаев периода прошлого года.

Не меняется ситуация с наездами на скот,

хотя руководство депо проводит большую работу с крестьянскими и фермерскими хозяйствами и местным населением о правилах выпаса скота. Но безуспешно. С начала года зафиксировано 109 случаев торможения против 74 случаев в прошлом году, из них с наездом 44 случаев против 34 случаев аналогичного периода прошлого года.

Продолжаются столкновения по причине низкой водительской культуры автолюбителей, лихачества на переездах, особенно в ночное время. С начала года зафиксировано шесть случаев столкновения с автотранспортом против трех в 2021 году. Как видно, статистика неутешительная, и положение с безопасностью движения оставляет желать лучшего.

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «КТЗ Express» (далее – АО «КТЗ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «КТЗ Express», которые начнутся 23 августа 2022 года в 10.00 (время Нур-Султана) на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация Имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «КТЗ Express», утвержденными решением Совета директоров АО «КТЗ Express» (протокол от 10 января 2018 года №1) (далее – Правила), и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале Реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года №66) (далее – Регламент).

На аукцион на повышение цены выставляется следующее Имущество:

№	Наименование	тонаж	кол-во	начальная стоимость	стартовая стоимость	гарантийный взнос
1.	Контейнер малотоннажный, исключенный из инвентарного парка	3	47	2 210 880	2 210 880	331 632
2.	Контейнер малотоннажный, исключенный из инвентарного парка	5	1377	166 561 920	166 561 920	24 984 288

Регистрация участников торгов на веб-портале Реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги – в форме аукциона методом на повышение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия

в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательству победителя и продавца подписать договор купли-продажи Имущества по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-порталом реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей Имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации Имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписавшая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки Объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием Объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки Объекта возмещению не подлежат, и Продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки Объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к Продавцу по вопросу качества, комплектности Объекта.

С положениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения Победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «КТЗ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам 8 771 08 38 734 (АО «КТЗ Express»), г. Нур-Султан, ул. Динмухамеда Кунаева, 10, и 8 7172 55 29 81 (АО «ИУП»), г. Нур-Султан, ул. А. Жубанова, д. 16, 4 этаж.

№61-62 (2776-2777) 09/08/2022

АБЫРОЙ БИГІНДЕ

Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі жолында жылдың төрт мезгілінде де тынымсыз еңбектенетін теміржолшылар үшін кәсіби мереке саналатын күнді атыраулықтар биыл да ерекше ықыласпен қарсы алды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау облысы

Айта кетерлігі, биыл Атырау өңірінен «Құрметті теміржолшы» атағына үш адам ұсынылды. Олар – Ақжайық станциясының бастығы Е.Темірғалиев, Атырау магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері А.Рахмеденов және Қарабатан станциясының кезекшісі Г.Таженова. Үшеуі де марапаттарын елордаға барып, ҚТЖ басшылығы қолынан алды.

Сонымен қатар, Атырау локомотив пайдалану депосының бастығы Қ.Тау-танов «Үздік басшы», логистика және тасымалды ұйымдастыру бөлімінің инженері Л.Әлімжанова, қызметкерлер-мен жұмыс бөлімінің инспекторы Г.Хайруллина, вагон пайдалану депосының өндірістік оқыту шебері А.Иманғазиева, Атырау локомотив пайдалану депосы бастығының пайдалану жөніндегі орынбасары Б.Жұмалиев «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен, Атырау вагон пайдалану депосының Ганюшкино станциясы бойынша техникалық қызмет пунктіннің бастығы Ә.Мұсағалиев пен Атырау локомотив пайдалану депосы есеп бөлімінің бастығы Г.Санкибаева «Кәсібі бойынша үздік», Ақжайық станциясының пойыз құрастырушысы А.Копреев, логистика және тасымалды ұйымдастыру бөлімінің жетекші инженері С.Меңдіғалиева, өндірістік техникалық бөлім бастығының орынбасары Н.Матаева «Үздік маман» төсбелгісімен



марапатталды. Тағы бірқатар мамандар «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы, «Жүк тасымалы» АҚ Басқарма басшысының, қала әкімнің Құрмет грамотасы, Алғыс хатымен марапатталды. Есімі «Құрмет тақтасына» жазылған мамандар мерейі де арта түсті.

Атырау магистральдық желі бөлімшесінде де салтанатты жиын өтіп, «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен Атырау электрмен жабдықтау дистанциясының механикалық шеберхана бастығы М.Садыхов, Атырау вокзалы бастығының орынбасары М.Әбілова мен Құлсары дистанциясының жол жөндеушісі Ж.Оразғалиевтар марапатталып, көптеген мамандар Магистральдық желі дирекциясы және өңірлік филиал бастылығының Алғыс хатына, «ҚТЖ-25 жыл» төсбелгісіне ие болды.

Суретті түсірген автор



МӘРТЕБЕЛІ МАРАПАТ ИЕЛЕРІ

Биыл теміржолшылардың төл мерекесі – Көлік қызметкерлерінің күні Ұлттық компанияның 25 жылдығымен қатар атап өтілді. Ерен еңбегімен ерекшеленген 80-ге жуық сала қызметкері «Құрметті теміржолшы» атағына ие болып, жүздеген адам «ҚТЖ-25 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен марапатталды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

Жұма күні ұлттық компанияның бас ғимаратындағы мәжіліс залында өткен салтанатты жиын Қазақстан темір жолының тарихы мен жетістіктеріне арналған бейнероликті тамашалаумен басталды. Келесі кезекте сахнаға көтерілген компания басшысы Нұрлан Сауранбаев барша қызметкерлерді кәсіби мерекемен құттықтап, еңбекте табыс тіледі.

– Темір жол – еліміздегі көлік саласының басты артериясы, сонымен қатар ел экономикасының дамуына зор үлесін қосып келе жатқан сала. Міне, осы салада тер төгіп жүрген жүздеген мыңдаған теміржолшы, қызметкерлеріміз компанияның өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп келеді. Бытырғы табыс – соның нақты айғағы. Өткен жылы компания негізгі

өндірістік көрсеткіш саналатын жүк айналымы бойынша тәуелсіздік жылдарында тарихта болмаған ең жоғары межеге қол жеткізді, бұл көрсеткіш – 239 млрд тонна км-ді құрады. Бытыр Қазақстан аумағы арқылы 1 миллионнан астам жүк тиелген транзиттік контейнерлер жүріп өтті. Биыл да осы деңгейден төмен түспеуіміз керек. Жақсы бастамаларға қолдау білдіріп жүрген әріптестеріме көп рахмет! – деген компания басшысы ел аймақтарынан келген еңбек озаттарына өз қолымен «Құрметті теміржолшы» және «ҚТЖ-25 жыл» мерейтойлық төсбелгілерін тапсырды.

«Құрметті теміржолшы» белгісін компанияның басқарма басшысының қолынан бірінші болып алған Ақмола магистральдық желі филиалына қарасты Астана белгі беру және байланыс дистанциясының сигнал беру, орталықтандыру

және блоктау электр монтері Бекболат Молдашев – салада 40 жылдық еңбек өтілі бар теміржолшы. Ол сүйікті кәсібі арқылы саланы дамытуға қосқан еңбегі еленгеніне алғысын білдірді. Сондай-ақ 32 жылдық тәжірибесі бар теміржолшы, Қарағанды облысы бойынша жол қозғалыс департаментінің бас ревизоры Болатбек Әлмұраев та бұл марапатты тек өзіне емес, бүкіл өңір теміржолшыларына берілген баға деп түсінетінін жеткізді.

Мереке одан әрі елордадағы «Астана опера» театрында өткен салтанатты шараға ұласты. Бағдарламада «Түркісіб», «Тын» фильмдері, театрландырылған қойылымдар, «Нұрлы жол», «ҚТЖ – бір жүрек, бір отбасы», «Махаббат перронында», «Ұлы құрылыс», «Ұлы Жібек жолы» сынды эпизодтар көрсетілді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЛОКОМОТИВІ

Ақтөбелік теміржолшылардың ерен еңбегі нәтижесінде биылғы жеті айда аймақтағы жүк тасымалының көлемі 105 пайызға жетті. Ел экономикасында елеулі орын алатын сала қызметкерлерінің жетістігі кәсіби мерекеге орай өткен жиында паш етілді.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Батыс аймақтық филиалының басшысы Бөріхан Беркімбаев көпшілікті компанияның 25 жылдығымен құттықтап, ширек ғасыр ішінде ел экономикасын дамытуға орын берген жұмыстарды атады.

– Төл мерекемізге жақсы көрсеткішпен келдік. Қазір жүк айналымы жеті айда 105 пайызға орындалды. Жүк тиеу көрсеткіші 82 пайызды құрап отыр. Мұның бәрі – үлкен жұмыс, сіздердің еңбектеріңіз. Құрметті әріптестер, баршаңызды мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтап, еңбекте абырой, отбасыларыңызға амандық тілеймін, – дейді Бөріхан Сматуллаұлы.

Жылы лебізге толы құттықтаулардан кейін үздік шыққан теміржолшылар марапатталды. Атап айтсақ, Ұлттық компания басшысы Нұрлан Сауранбаевтың бұйрығымен мінсіз, адал қызметі, теміржол саласының дамуына қосқан айтарлықтай үлесі үшін «Пойыздар қозғалысын басқару орталығының тартымдық жылжымалы құрам жөніндегі бөлім бастығы Космонавт Шөмекеев, Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі филиалы директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Хадиша Жұмабекова, «Батыс» филиалының техникалық бөлім бастығы Айболат Дарбаев, Шалқар электрмен жабдықтау дистанциясының бас инженері Бақытбек Ешманов, Дөң станциясының бастығы Нұржан Ақшаев «Адал еңбегі



үшін» төсбелгілерімен марапатталды. Өндірістік шаруашылық қызметте жоғары нәтиже көрсетіп, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз еткені үшін Ақтөбе электрмен жабдықтау дистанциясы мен Ақтөбе белгі беру және байланыс дистанциясы ұжымдары «Салалық жарыстың жеңімпазы» байқауының жүлделі дипломдарымен марапатталды.

Суретті түсірген автор

АДАЛ ЕҢБЕККЕ АЛҒЫС

Биылғы төл мерекеде Сыр өңірінің теміржолшылары да лайықты құрмет пен қошеметке ие болды. Аймақ бойынша 96 теміржолшыға түрлі марапаттар табыс етіліп, ұзақ жылғы адал еңбектеріне алғыс айтылды.

Сабырхан НӘДІРБАЕВ,
Қызылорда

«Құрметті теміржолшы» атағына ие болған екеу саланың ең жоғары марапатымен елорда төрінде өткен салтанатты жиында марапатталды. Сонымен қатар Қызылорда жол дистанциясының теміржолшысы Қанат Оспанов «Адал еңбегі үшін» төсбелгісіне, Қалпына келтіру пойызының машинисі Дулат Жұмасейітов «Кәсібі

бойынша үздік» белгісіне, ал персонал жөніндегі менеджер Жанар Есенғараева «Үздік маман» белгісіне ие болды.

Бұдан бөлек, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының және Магистральдық желі дирекциясының Құрмет грамотасы мен Алғыс хатымен отыздан астам адам марапатталды. Тағы 38 теміржолшы Сала кәсіподағының 30 жылдығына орай шығарылған арнайы төсбелгіге ие болды.

Суретті түсірген автор



ТҮБЕК ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНА ҚҰРМЕТ

Биыл «Құрметті теміржолшы» белгісін түбек теміржолшының екі майталманы алды. Олар – Маңғыстау вагон пайдалану депосы Шетпе қосынының бастығы Әлібек Чаркатбаев пен Бейнеу жол дистанциясының №1 өндірістік телім бастығының орынбасары Айжарық Сенгирбеков.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Ал Маңғыстау локомотив пайдалану депосының жөндеушісі Жандос Ниязов, Маңғыстау станциясының кезекшісі Жанат Жұмахметова, Маңғыстау жолаушылар пойызының бастығы Қалиолла Сахипов, Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің бастығы Аманқос Құсайынов, Маңғыстау қосы-

нының бастығы Ерболат Сәулебаев, Маңғыстау электрмен жабдықтау дистанциясының бас инженері Нұрболат Беримбаев «Адал еңбегі үшін» медалін алды.

Маңғыстау электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы Сұлтанбек Қонаев «Үздік басшы», Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі бастығының логистика жөніндегі орынбасары Ғалым Айтжанов «Үздік маман» атанды.

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің еңбекті

нормалау бойынша жетекші инженері Мадина Асқанбаева, Маңғыстау жол дистанциясының жол шебері Талғат Есжанов, Вокзалдар шаруашылығы бойынша бөлімінің 1 санаттағы инженері Дилюрам Бектауова, Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі филиалы материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Гүлбану Алдабергенова, Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясының инженері Татьяна Николаевна, Маңғыстау электрмен жабдықтау дистанциясының жетекші инженері Ақберди Битимбаев «Кәсібі бойынша үздік» белгісіне ие болды.

Тағы бірқатар сала қызметкерлері Құрмет грамотасы мен Алғыс хатпен және Сала кәсіподағының мерейтойлық медалімен марапатталды.

ДОСТЫҚТА ӨТКЕН ДУМАН

Шекарадағы Достық станциясының теміржолшыларын төл мерекемен еліміздің өнер жұлдыздары да құттықтап, әннен шашу шашты.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ,
Достық

Станция бастығының міндетін атқарушы Мақсат Мамбетқұлов теміржолшыларды мерекемен құттықтап, марапаттарын табыс етті. Атап айтқанда, станцияның 18 қызметкері мен түрлі құрылымдық бөлімшелердің 23 теміржолшысының мерейі үстем болды. «Адал еңбегі үшін» белгісін мерейіз құрастырушы Марат Мейізбаев, «Кәсібі бойынша үздік» атағымен тасымалдау құжаттарын өңдеу агенті Қуатбек Қоңырбаев, «Үздік маман» атағымен жүк және багаж іздеу бюросының меңгерушісі Мейрамгүл Омарбаева марапатталды. Одан бөлек ұлттық компания басшысы мен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басшысының марапаттары табысталды.

Теміржолшылардың балалары арасында мерекеге орай ұйымдастырылған «Достық станциясының болашағы» атты сурет салу байқауының нәтижелері де жария болды. Қазылар алқасының шешімімен 3 баланың суреті жоғары бағаланып, авторларына сыйлықтар берілді. Мерекелік іс-шара көңілді концерт пен спорт ойындарына жалғасты. Бағдарлама аясында еліміздің эстрада жұлдыздары – Ерлан Али, Renzo тобының әншісі Есет Жарылқасинов, Берік Сансызбай, Мұхтар Албан теміржолшыларды құттықтап, әннен шашу шашты. Кеш соңы мерекелік оташауға ұласты.



Суретті түсірген автор

МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛДЫ

Семейлік теміржолшылар үшін биылғы кәсіби мереке ерекше есте қалары анық. Ұлттық компанияның 25 жылдық мерейтойы ел шығысында да кең көлемде аталып өтіп, майталман теміржолшылар марапатқа кенелді.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Қалалық Мәдениет сарайында өткен мерекелік салтанатты шарада сөз алған бөлімше басшысы Владимир Бабиченко отандық теміржол саласының бүгінгі таңда қол жеткізген биігі мен жалпы ширек ғасырлық тарихына тоқталды. Сонымен қатар, алдағы мақсат-міндеттер де сөз болды. Бұл ретте Мемлекет басшысы жүктеген айрықша маңызды міндет – Аягөз-Бақты теміржол телімін салуға қатысты жүргізілетін жұмыс алдымен назарға алынды.

Сондай-ақ, салтанатты шара барысында теміржолшыларды Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шәукежанов пен салалық кәсіподақ ұйымының бөлімше бойынша төрағасы Алик Досанов құттықтап, ізгі желілерін білдірді.

Келесі кезекте кәсіби қызметте еселі еңбектерімен танылып жүрген теміржолшыларды марапаттау рәсіміне кезек берілді. Биылғы басты ерекшелік сол, Семей ЖТ бөлімшесінің төрт бірдей қызметкері «Құрметті теміржолшы» атанды. Олардың қай-қайсысы болмасын құрметке лайық. Мәселен, елорда төрінде өткен салтанатты жиында ұзақ



жыл белгі беру және байланыс саласында қажырлы еңбек еткен, «Түркісіб» мұражайының негізін қалаған ардагер Мақсұт Көшжанов, еңбек жолын қатардағы жол жөндеушіден бастап Семей жол дистанциясының басшысы деңгейіне көтерілген Рахат Ботаспаев сынды теміржолшылар құрметті атаққа әбден лайық екені талас тудырмайды.

Сонымен қатар, Нұрлан Жақсылықұлы, Мырзабек Керейбаев, Мұрат Мұқажанов, Зульфия Ениеева, Наталья Мешкова, Дайырбек Досанов, Бекзат Кірімханов, ұзақ жылдар Семей вокзалын басқарған ардагер теміржолшы Нағима Мойынбаева сынды теміржолшылар түрлі деңгейдегі марапатқа ие болды. Сала кәсіподағының 30 жылдық мерейтойына орай арнайы шығарылған төсбелгімен марапатталғандар қатары да аз болмады.

Суретті түсірген автор

РОМАНТИКИ СТАЛЬНЫХ ДОРОГ

Свой профессиональный праздник уральские железнодорожники отметили трудовыми успехами, что подтвердилось множеством наград. Торжественное мероприятие традиционно прошло в городском парке культуры и отдыха.

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

День работников транспорта в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» по Уральскому региону отметили перевыполнением плана за первое полугодие по грузообороту на 21,4%. Как подчеркнул начальник станции Уральск Арман Башенов, повысилось качество эксплуатационной работы, заметен и рост в динамике показателей использования подвижного состава и локомотивного парка. Не было допущено случаев нарушения безопасности движения и производственного травматизма, а также убытков от несоблюдения сроков доставки и производственного травматизма, а также убытков от несоблюдения сроков доставки и производственного травматизма, а также убытков от несоблюдения сроков доставки и производственного травматизма.



слове начальник Уральской дистанции сигнализации и связи Магды Тугулытаев подвел итоги работы команды Дирекции магистральной сети по Уральскому региону, в которую входят ШЧ, ПЧ, ЭЧ, вокзальное хозяйство, восстановительные и пожарные поезда. Всего в этой структуре по Уральскому региону работают 685 человек.

К слову, награждение части работников НЖС-11 проходило накануне в Доме

дружбы Ассамблеи народа Казахстана по ЗКО, где был отмечен труд более 40 человек. Награды вручал замдиректора по вокзальной работе Актобинского отделения магистральной сети Болат Аюпов. Юбилейными медалями АО «НК «КТЖ» награждены начальник Уральской дистанции пути Дуйсенбай Кожажельды, замначальника Актобинской дистанции электроснабжения по Уральскому региону

Алтынбек Даулетияров, инженер Уральского вокзала Шолпан Гайнеден.

В целом же по Уральскому региону наградами отмечены около 80 человек: награждены знаками «Адал еңбегі үшін», «Үздік маман», «Кәсібі бойынша үздік» почетными грамотами и благодарственными письмами руководства компании. Знаками «Үздік басшы» награждены начальник станции Кардон Оразбай Турмаков и начальник Уральского вокзала Кайырбулат Гайнеден. Ряд работников награжден благодарственными письмами акима области, акима города Уральска, управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог, департамента Комитета труда, социальной защиты и миграции по ЗКО, агентства по борьбе с коррупцией. Пять председателей цеховых профсоюзных комитетов награждены юбилейными знаками «30 лет Казпрофтранс».

В концертной программе в честь Дня работников транспорта приняли участие солисты областной филармонии им. Г. Курмангаalieва, создавшие по-настоящему праздничное настроение.

Фото автора



ЭТОТ ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ ДЕНЬ

В минувшее воскресенье на площади Дворца культуры железнодорожников станции Караганда-Сортировочная состоялось праздничное мероприятие по случаю празднования Дня работников транспорта.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

С раннего утра сотрудники железнодорожных структур устанавливали юрты, готовили разнообразные национальные блюда, чтобы потчевать гостей.

